Ынтымақ жалпы білім беретін мектебі бойынша ұлттық тәрбие саласы бойынша атқарылған жұмыстарды бақылау анықтамасы

Тақырыбы: Ұлттық тәрбие саласы бойынша атқарылған жұмыстарды бақылау
Мақсаты: Ұлттық тәрбие бағыты бойынша атқарылған жұмыстарды зерделеу
Бақылау объектісі: Тәрбие саласының қызметі
Бақылау түрі: Тақырыптық бақылау
Бақылау әдісі: Тексеру
Мерзімі: 16–20 наурыз 2026 жыл
Жауапты: Сейдуалина А.У

Негізгі бөлім (талдау)

Бақылау барысында ұлттық тәрбие бағыты бойынша атқарылған жұмыстардың жүйелі, мазмұнды және жоспарлы түрде жүргізілетіні анықталды. Наурыз мерекесі аясында ұйымдастырылған іс-шаралар кешені оқушылардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыруға, салт-дәстүрлерді дәріптеуге және рухани-адамгершілік тәрбиесін қалыптастыруға бағытталды.
Наурыз мерекесі қарсаңында «Даналық» мектебінде «Шаңырақ күніне» орай ұйымдастырылған тағылымды кездесу ерекше тәрбиелік мәнге ие болды. Шара барысында әжелер ұлттық қолөнер бойынша шеберлік сабақтарын өткізіп, атадан қалған асыл мұраны насихаттады. Нұрбала әже оқушыларға қолөнердің қыр-сырын үйретіп, оның тәрбиелік мәнін түсіндірсе, Берік ата ақ батасын беріп, өмірлік тәжірибесімен бөлісті. Бұл кездесу оқушылардың үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету сияқты қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етті.
18 наурыз күні «Ұлттық киім күні» акциясы аясында мектеп ұжымы мен оқушылар қазақтың ұлттық киімдерін киіп, халқымыздың мәдени ерекшеліктерін кеңінен таныстырды. Бұл шара оқушылардың ұлттық болмысқа деген мақтаныш сезімін арттырды.
19 наурыз – «Жаңару күні» аясында өткізілген іс-шаралар заманауи технологияларға бағытталды. Оқушыларға IT, AI және робототехника салалары таныстырылып, информатика пәні мұғалімі Жамангарина Н.К. шеберлік сабағын өткізді. Бұл оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттыруға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік берді.
Сол күні өткен «Күй күмбірі» республикалық домбырашылар акциясы барысында «Иманақ» ансамблі ұлттық күйлерді орындап, дәстүрлі өнерді насихаттады. Бұл оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастырып, ұлттық музыкаға деген қызығушылығын арттырды.
20 наурыз күні ұйымдастырылған «Ұлттық ойын күні» барысында оқушылар асық ату, тоғызқұмалақ сияқты ұлттық ойындарға белсенді қатысып, ептілік, жылдамдық қасиеттерін көрсетті. Іс-шара салауатты өмір салтын насихаттауға ықпал етті.
21–22 наурыз күндері «Наурыз келді – нұр келді» тақырыбында өткен мерекелік іс-шаралар жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Театрландырылған көріністер, «Жарапазан» дәстүрі, ұлттық ойындар мен викториналар оқушылардың қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасады.
Сонымен қатар, тәрбие жұмыстары жан-жақты бағытта жүргізілгені байқалды. Атап айтқанда, «Таза Қазақстан» акциясы, «Экочеллендж», «Жер сағаты» сияқты экологиялық іс-шаралар арқылы оқушылардың табиғатқа деген жауапкершілігі қалыптастырылды.
«Балалар кітапханасы» жобасы аясында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізілді. Ал «Патриоттық кино көру күні» іс-шарасы оқушылардың елжандылық қасиеттерін нығайтуға ықпал етті.
«Қамқор» әлеуметтік жобасы аясында оқушылардың волонтерлік қызметке қатысуы олардың бойында мейірімділік, жанашырлық, жауапкершілік қасиеттерін қалыптастырды.

Жалпы алғанда, өткізілген іс-шаралар кешені оқушылардың ұлттық, рухани, зияткерлік және әлеуметтік тұрғыдан жан-жақты дамуына оң әсерін тигізді.

Қорытынды

Ұлттық тәрбие беру жұмыстары қанағаттанарлық деңгейде ұйымдастырылған. Іс-шаралар мазмұнды, жүйелі және тәрбиелік маңызы жоғары деңгейде өткізілген. Оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығы жоғары екендігі байқалды.

Ұсыныстар

1. Ұлттық тәрбие бағытындағы іс-шаралардың мазмұнын жетілдіру мақсатында дәстүрлі және заманауи тәсілдерді ұштастырып, оқушылардың белсенді қатысуына негізделген жаңа форматтағы жобаларды кеңінен енгізу.
2. Тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттыру үшін барлық бағыттағы іс-шараларды жүйелі жоспарлап, олардың орындалуына тұрақты мониторинг жүргізіп, нәтижелерін талдау арқылы тәжірибеге енгізу.

Орындаған:
Сейдуалина А.У

Ынтымақ жалпы білім беретін мектебі бойынша
оқушылардың бос уақытының тиімді ұйымдастырылуын бақылау

Бақылау тақырыбы: Оқушылардың бос уақытының тиімді ұйымдастырылуын бақылау
Бақылау мақсаты: Көктемгі демалыс кезінде оқушылардың бос уақытын тиімді өткізілуін қадағалау
Бақылау объектісі: Көктемгі демалыс кезіндегі оқушылардың бос уақытын ұйымдастырудың құжаттары
Бақылаудың түрі: Жан – жақты бақылау
Бақылаудың әдісі: Құжаттарды тексеру
Орындалу мерзімі: 19.03–27.04.2026 ж.
Жауапты: Сейдуалина А.У
Қарау орны: ДЖО

2026 жылғы көктемгі демалыс кезеңінде Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінде оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, ұлттық, патриоттық, экологиялық және азаматтық тәрбие беру мақсатында кешенді іс-шаралар өткізілді. Барлық шаралар «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жүзеге асырылды.

19–20 наурызда ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыстың негізгі мақсаты – каникул кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, интернет, су, мұз қауіпсіздігі, түнде беталды жүрмеу ережелері туралы түсіндіру, ата-ана мен оқушы арасындағы байланысты нығайту болды.

19 наурыз күні «Жаңару күні» аясында оқушылардың цифрлық технологияларға қызығушылығын арттыру үшін AI, IT, VR, робототехника бағытындағы жобалар көрмесі ұйымдастырылып, шеберлік сабақтары мен зияткерлік ойындар өткізілді. Бұл шара оқушылардың аналитикалық ойлау қабілеті мен техникалық шығармашылығын дамытуға бағытталды.

20 наурыз күні «Ұлттық спорт күні» өткізілді. Оқушылар асық ату, тоғызқұмалақ, садақ ату және ұлттық ойындардан жарыстарға қатысты. Шара салауатты өмір салтын насихаттауға және ұлттық спортқа деген қызығушылықты арттыруға бағытталды.

21–22 наурызда Наурыз мерекесі аясында «Жыл басы» мерекелік шарасы ұйымдастырылды. Концерттік бағдарлама, театрландырылған көріністер, ұлттық ойындар, Наурыз көже тарату арқылы оқушыларға ұлттық дәстүрлерді дәріптеу және патриоттық тәрбие беру жүзеге асырылды.

23 наурызда «Тазару күні» аясында экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында мектеп ауласын тазалау жұмыстары жүргізіліп, оқушыларға табиғатты қорғау, тазалық сақтау бойынша тәрбие сағаты өткізілді. «Жасыл клуб» еріктілер клубы белсенді түрде қатысты.

24 наурыз күні «Экочеллендж» аясында мектеп ауласында ағаш отырғызу, сынып кабинеттерінде гүл отырғызу, экобұрыш ұйымдастыру арқылы оқушылардың табиғатқа деген жауапкершілігі мен жанашырлығы арттырылды.

25 наурызда «Гайдбук» және «Балалар кітапханасы» жобалары іске асырылып, оқушылар «Кітаптар айналымы» акциясына қатысып, отбасылық кітап оқу дәстүрін жаңғыртты. Сонымен қатар, «Әжемнің ертегісі» челленджі арқылы халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылық қалыптастырылды.

26 наурыз күні «Патриоттық кино көру күні» өткізіліп, оқушылар отандық фильмдер мен деректі фильмдерді көріп, тарихи және патриоттық білімдерін кеңейтті. Көрсетілімнен кейін талқылау ұйымдастырылып, оқушылар өз ой-пікірлерін білдірді.

27 наурыз күні «Қамқор» әлеуметтік жобасы аясында оқушылар қарттарға көмек көрсету, жануарларға қамқорлық жасау, құстарға ұя жасау арқылы волонтерлік мәдениетті дамытуға қатысты. Шара оқушылардың мейірімділік пен адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталды.

28 наурыз күні «Жер сағаты» экологиялық акциясы ұйымдастырылып, 20:30–21:30 аралығында жарықты өшіру арқылы халықаралық акцияға белсенді қатысу жүзеге асырылды. Бұл шара экологиялық жауапкершілікті арттыруға бағытталды.

Көктемгі демалыс кезінде оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру бойынша атқарылған шаралар жоғары деңгейде өткізілгенімен, болашақта олардың әсерін одан әрі арттыру үшін келесі ұсыныстар енгізілсін:

Ұсыныстар

1. Барлық іс-шараларға оқушылардың толық қатысуын қамтамасыз ету, белсенділікті арттыруға ынталандыру енгізу.
2. Шеберлік сабақтары мен экологиялық іс-шараларды толық әрі мазмұнды өткізу, тәрбиелік мәнін күшейту.
3. Әр іс-шара бойынша қорытынды талдау жасап, құжаттарды толық және жүйелі рәсімдеу.

Жауапты: Сейдуалина А.У

Ынтымақ жалпы білім беретін мектебі бойынша «Дос болайық» бағдарламасының тиімділігіне байланысты мониторинг пен зерделеу жұмыстарын ұйымдастыру және талдау

Бақылау тақырыбы:«Дос болайық» бағдарламасының тиімділігіне байланысты мониторинг пен зерделеу жұмыстарын ұйымдастыру және талдау
Бақылау мақсаты:Бағдарламаның оқушылар арасындағы достық қарым-қатынасқа әсерін анықтау
Бақылау объектісі:Оқушылар, сынып жетекшілер, ата-аналар
Бақылаудың түрі:Жоспарлы
Бақылаудың әдістері:Сауалнама, сұхбат, психолог қорытындылары
Өткізілу мерзімі:19–23 наурыз
Жауаптылар:Сейдуалина А.У
Қарау орны:ДЖО

І.Негізгі бөлім
«Дос болайық» бағдарламасының тиімділігіне байланысты мониторинг пен зерделеу жұмыстары 2024 жылғы 19–23 наурыз аралығында жүргізілді. Бақылаудың негізгі мақсаты – бағдарламаның оқушылар арасындағы достық қарым-қатынасқа әсерін анықтау болды.
Зерделеу жұмыстарының объектісі ретінде оқушылар, сынып жетекшілер және ата-аналар қамтылды. Бақылау жоспарлы түрде ұйымдастырылып, сауалнама, сұхбат алу және психологтың қорытындылары арқылы жүзеге асырылды.
«Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінің» КММ буллингтің алдын алу қағидаларын бекіту, «Дос болайық!» бағдарламасы аясында кезекшілік кеңесін құру,оқушылардың мінез-құлық тәжірибесін насихаттау туралы бұйрық шығарылған, мектепішілік жылдық жоспар жасалып бекітілді.
2025 ж 07.10күні ЮПТ УПИ полиция капитаны,Жаңаарқа кенті кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі участкелік полиция инспекторы Кутумова Дария Мансуровна мен ауыл учаскелік полициясы Картаев.С кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын -алу, буллинг,кибербуллинг ,суицидтік мінез-құлықтың алдын алу, зорлық-зомбылықты болдырмау шаралары жайлы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.5-11 сынып оқушыларына қылмыстың алдын алу мақсатында ақпараттық бейнеролик көрсетілді. Бейнероликте зорлық-зомбылық, буллинг, лудомания (құмар ойындарына тәуелділік), **есірткіге тәуелділік**, интернеттегі қауіптер және жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық тақырыптары қамтылды. Оқушылар бейнероликтен кейін өз ойларын білдіріп, пікір алмасты.Бұл іс-шара оқушыларға теріс қылықтардан аулақ болудың маңызын түсіндіруге және өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік бар екенін ұғынуға көмектесті, ұсақ қылмыс немесе бұзақылық жасаған жағдайда жасөспірімнің ата-анасы жауапкершілікке тартылып, айыппұл төлеуі мүмкін екені оқушыларға түсіндірілді.Сонымен қатар ,ДТІЖО Сейдуалина А.У балалардың терезен құлауын болдырмау бойынша бейнероликтерді көрсетіп түсіндірме жұмыстарын жүргізді.
https://www.facebook.com/share/p/1C1fM4eif6/?mibextid=wwXIfr
2025 жылғы 16 қазанда Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінде ер балаларға арналған "Жігер" клубының кезекті отырысы өтті. Мектеп медағасы Жапабаев Б.С жасөспірімдерге өмірлік дұрыс таңдау жасау, жағымсыз орталардан аулақ болу,нашақорлық, темекі , алкоголді ішімдіктерден аулақ болуға және кез келген күмәнді жағдайда ата-аналардан, ұстаздардан немесе медицина мамандарынан көмек сұрау қажеттігін еске салды. Медқызметкер салауатты өмір салты – жарқын болашақтың негізі екенін жеткізді.https://www.facebook.com/share/r/17W5Swu8vt/?mibextid=wwXIfr
2025 жылдың 11қараша күні сынып жетекшілер отырысында «Досболайық!» бағдарламасы бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды талқылауды ДТІЖО Сейдуалина А.У жүргізді. Бағдарлама аясында 1–11 сыныптарға арналған жобалар бөлініп берілген.Атап айтқанда, 1-сыныпта – «Біз әртүрліміз, бірақ біз теңбіз», 2-сыныпта – «Мен + Сен = Біз», 3-сыныпта – «Біздің әрқайсымыз ерекше», 4-сыныпта – «Сөз энергиясы», 5-сыныпта – «Күйзеліске төзімділік», 6-сыныпта – «Қақтығыстарды басқару өнері», 7-сыныпта – «Өз және басқа адамдардың шекаралары», 8-сыныпта – «Ұжымның күші», 9-сыныпта – «Өміршеңдік ресурстары», 10-сыныпта «Шабыттандырушы көшбасшы», ал 11-сыныпта – «Өзіме де, өзгеге де жауаптымын!» тақырыптары бойынша жобалық жұмыстар ұйымдастырылуда,тоқсанына бір рет іс-шаралар өткізіп отырады.Жұмыстар барысында тренингтер, хакатондар, воркшоптар, кейс-стади, жаттығулар, іскерлік және рөлдік ойындар, шағын пікірталастар сияқты белсенді оқыту әдістері кеңінен қолданылады. Мұндай әдістер оқушылардың өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға, топтық жұмыс пен бір-бірін түсіну дағдыларын дамытуға ықпал етеді.Бағдарлама аясындағы іс-шаралар оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге, достық пен өзара көмек құндылықтарын насихаттауға,

сондай-ақ буллинг пен жанжал жағдаиларының алдын алуға бағытталған. Сонымен бірге ата-аналармен бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылып, отбасындағы тәрбие мен мектеп арасындағы өзара байланыс күшейтілуде. «Досболайық!» бағдарламасы нәтижесінде мектеп ұжымында жағымды психологиялық ахуал қалыптасып, оқушылардың өзіне және өзгеге деген құрмет сезімі нығайып келеді.Отырыстың екінші мәселесі «Отбасындағы зорлық-зомбылықты анықтау,алдын алу және жою алгоритмі» тақырыбында әлеуметтік педагог Жакупбекова А.Ж түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Онда отбасындағы зорлық-зомбылықтың түрлері, оның бала психологиясына әсері, сондай-ақ оны дер кезінде анықтау және алдын алу жолдары түсіндірілді.Педагог қатысушыларға құқық қорғау органдары мен білім беру ұйымдарының өзара іс-қимыл тәртібі, көмек көрсету тетіктері және қауіпсіздік алгоритмі туралы толық ақпарат берді.Жұмыс нәтижесінде қатысушылардың құқықтық сауаттылығы артты және зорлық-зомбылық жағдайларының алдын алу бойынша нақты іс-шараларды жүзеге асыру қажеттілігі атап өтілді.

https://www.facebook.com/share/r/176nrpXFqB/?mibextid=wwXIfr

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде оқушылар арасында өзара сыйластық, қолдау көрсету және жағымды қарым-қатынас деңгейінің артқаны байқалды. Сауалнама қорытындылары бойынша оқушылардың басым бөлігі бағдарлама іс-шараларының қызықты әрі пайдалы өткенін атап өтті. Сынып жетекшілер мен ата-аналар тарапынан да бағдарламаның тәрбиелік маңызы жоғары екендігі көрсетілді. Психолог қорытындысы бойынша оқушылардың эмоционалдық жағдайы тұрақтанып, ұжымдағы ахуалдың жақсарғаны анықталды.

Жалпы алғанда, «Дос болайық» бағдарламасы өз мақсатына жетіп, оқушылар арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтуға оң әсерін тигізді.

II.ЖӘБІРЛЕУДІҢ (БУЛЛИНГТІҢ) АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ «ДОСБОЛLIKE» БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Бөлім	**Көрсеткіш / Жұмыс түрі**	
1. Құжаттық сүйемелдеу	Бағдарламаны енгізу жөніндегі бұйрық: № 117күні 04.09.2025 ж (көшірмесі тіркеледі)	
Бағдарламаны жүзеге асыру бойынша жүргізілген нақты жұмыстар		**Саны (көрсету)**
2. Жобалық қызмет және қатысушылар	Білім беру ұйымындағы сыныптар/топтар және оқушылардың саны	11 сынып,100 оқушы
	«ДосболLIKE» бағдарламасы бойынша жобалық қызметке қатысып отырған оқушылар саны	100
3. Жүргізілген іс-шаралар	Жоба бойынша сыныптан тыс іс-шаралар	5
	«ДосболLIKE» бағдарламасы бойынша жүргізілген сабақтар	3
	Ата-аналарға арналған семинарлар	3
	Кіші қызметкерлерге арналған семинарлар	1
	Педагогтерге арналған семинарлар	1
4. Жәбірлеу бойынша тіркелген жағдай	Анықталған жәбірлеу жағдайлары (барлығы)	жоқ
	Қайталанған жағдайлар	жоқ
5. Буллингке қарсы команданың жұмысы	Өткізілген орыстар (Отырыстар хаттамасының көшірмелері тіркеледі)	
6. ББ ұйымындағы әлеуметтік-психологиялық климат	Мектептегі/колледждегі әлеуметтік-психологиялық климатта оң өзгеріс бар ма?	Иә,жақсы

III. Талдау нәтижесі:
Құжаттық база жалпы алғанда толық және нормативтік талаптарға сай. Әкімшілік тарапынан бақылау жүйелі жүргізілген.
Дегенмен, кейбір жоспарлау құжаттарында **іс-шаралардың нәтижелілік көрсеткіштері мен мерзімдері нақтырақ белгіленсе**, бақылау тиімдірек болар еді.
Сондай-ақ, **құжат айналымының бірыңғай жүйесін (есеп, мониторинг, фото/бейнематериалдарды тіркеу) қалыптастыру** қажет.
Іс-шаралар мен мазмұндық бағытты талдау
Жалпы қорытынды:
Барлық іс-шаралар мазмұны бойынша бағдарлама мақсаттарына сай, жүйелі және тақырыптық тұрғыдан өзара байланысты.
Әлеуметтік серіктестік (полиция, медицина қызметкерлері, ата-аналар) жолға қойылған, бұл жұмыстың тиімділігін арттырған.

Жетістіктер мен оң нәтижелер
- Бағдарлама мазмұны оқу-тәрбие процесіне тиімді кіріктірілген;
- Оқушылар мен мұғалімдер арасында өзара түсіністік пен қолдау атмосферасы қалыптасқан;
- Әлеуметтік серіктестік және қоғаммен байланыс белсенді дамуда;
- Мектептің әлеуметтік желілерінде жарияланған ақпараттар ашықтық пен насихат деңгейін арттырған;
- Буллинг, кибербуллинг және құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында нақты нәтиже байқалады.

Анықталған олқылықтар мен жетілдіру бағыттары
Жоспарлау құжаттарында кейбір іс-шаралардың **мерзімдері мен күтілетін нәтижелері** нақтырақ көрсетілуі қажет;
Құжат айналымының бірыңғай электрондық базасы құрылмаған (фотоесеп, бейнеролик, хаттама, актілер бір форматта сақталуы тиіс);
Бағдарламаның нәтижелілігін бағалау үшін **мониторинг және рефлексия парақтары** енгізілсе, тиімділік жоғары болар еді.

Ұсыныстар
Жоспарлау сапасын жетілдіру:
Іс-шаралар жоспарына нақты нәтижелер мен көрсеткіштер енгізу (мысалы, қатысушылар саны, психологиялық ахуал деңгейі, кері байланыс нәтижесі).
Құжат айналымын жүйелеу:
«Дос болайық!» бағдарламасына қатысты барлық материалдарды (бұйрық, жоспар, фото/видео, есептер) бірыңғай электрондық папкаға жинақтау.
Мониторинг жүргізу:
Әр тоқсан соңында іс-шаралардың тиімділігін бағалау бойынша қысқаша талдау (оқушылар, ата-аналар, мұғалімдердің пікірін қамту).
Білім беру процесіне тұрақты енгізу:
Бағдарламаның мазмұнын мектептегі тәрбие жүйесіне тұрақты түрде кіріктіру (сынып сағаттары, үйірмелер, клуб жұмысы)

Қорытынды
«Дос болайық!» бағдарламасы Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінде жоспарлы, жүйелі түрде жүзеге асырылуда.
Оның мазмұны мектептегі достық, өзара сыйластық және қауіпсіз психологиялық ортаны нығайтуға нақты ықпал етіп отыр.
Тәрбие жұмысы әлеуметтік әріптестік негізінде ұйымдастырылған, профилактикалық шаралар пәрменді жүргізілген.
Жоспарлау мен құжат айналымын жетілдіру арқылы бағдарламаның тиімділігін одан әрі арттыруға мүмкіндік бар.

Орындаған:ДТІЖО Сейдуалина А.У

Ынтымақ жалпы білім беретін мектебі бойынша «Жігер» ұлдар ұйымының атқарылған жұмыстарының орындалу барысын бақылау

Тақырыбы: «Жігер» ұлдар ұйымының атқарылған жұмыстарының орындалу барысын бақылау
Мақсаты: Құқық бұзушылықтың алдын алу, оқушыларды жаман әдеттерден сақтандыру, тұлғалық дамуына ықпал ету
Бақылау объектісі: Іс-шара жоспары бойынша атқарылған жұмыстар
Бақылау түрі: Тақырыптық бақылау
Бақылау әдісі: Құжаттарды тексеру
Мерзімі: 23–27 наурыз 2026 жыл
Жауапты: Әлькенов С.Б

Негізгі бөлім (талдау)

Бақылау барысында «Жігер» ұлдар ұйымының жылдық жоспары негізінде атқарылған жұмыстардың орындалу барысы зерделенді. Ұйым қызметі оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, жаман әдеттерден сақтандыру, сондай-ақ олардың тұлғалық және әлеуметтік дамуын қалыптастыруға бағытталған.
Жоспарға сәйкес қыркүйек айында «Темекі мен ішімдік – ер жігітке жат» тақырыбында бейнеролик әзірленіп, оқушылар арасында зиянды әдеттердің алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Қазан айында «Қиындықта мойымаймын» тақырыбында симуляциялық жаттығулар мен рөлдік ойындар ұйымдастырылып, оқушылардың стресс жағдайларына төзімділігі арттырылды. Қараша айында «Менің әкем – менің идеалым» тақырыбында подкаст/интервью жобасы жүзеге асырылып, отбасы құндылықтарын дәріптеу жұмыстары жүргізілді. Желтоқсан айында «Болашақ мамандығым – болашағым» тақырыбында кәсіптік бағдар беру мақсатында кездесу ұйымдастырылды.
Қаңтар айында «Мен – заманауи жігітпін» тақырыбында бейнероликтер түсіріліп, оқушылардың өзін-өзі ұстау мәдениеті мен этикасы қалыптастырылды. Ақпан айында «Жетістік жолы» тақырыбында мотивациялық тренинг өткізіліп, оқушылардың ерік-жігерін дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізілді.
Наурыз айында «Бір минут – бір өнер» тақырыбында шығармашылық іс-шара ұйымдастырылып, оқушылар өз қабілеттерін көрсетті.
Жалпы алғанда, жоспарланған іс-шаралар уақытылы және мақсатқа сай өткізілген. Оқушылардың белсенділігі жақсы деңгейде екендігі байқалды. Құжаттарды тексеру барысында жоспардың бар екендігі және жұмыстардың сол жоспар негізінде жүргізілгені анықталды.

Қорытынды

«Жігер» ұлдар ұйымының жұмысы қанағаттанарлық деңгейде жүргізілуде. Ұйым қызметі оқушылардың тәртібін нығайтуға, құқық бұзушылықтың алдын алуға және тұлғалық дамуына оң әсерін тигізуде.

Кемшіліктер

Бақылау барысында төмендегідей кемшіліктер анықталды:

- Кейбір қолөнер бағытындағы шеберлік сабақтары толық деңгейде, өз мәнінде өткізілмеген;
- Іс-шараларға барлық оқушылар толық қамтылмаған, кейбір оқушылардың қатысу белсенділігі төмен болған;
- Кейбір іс-шаралар бойынша қорытынды талдау жұмыстары жеткіліксіз жүргізілген;
- Құжаттамаларды рәсімдеуде біріздiлік толық сақталмаған.

Ұсыныстар

1. Іс-шаралардың сапасын арттыру мақсатында олардың толық әрі мазмұнды өткізілуін қамтамасыз ету, әсіресе шеберлік сабақтарының тәрбиелік мәнін күшейту.
2. Оқушылардың іс-шараларға толық қатысуын қамтамасыз ету үшін бақылауды жүйелі жүргізіп, белсенділікті арттыруға бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру.
3. Әрбір өткізілген іс-шара бойынша талдау жасап, құжаттамаларды талапқа сай толық әрі сапалы рәсімдеу.

Жауапты:Әлькенов С.Б